

**"Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріздеу" салалық жобасын қаржыландыру үшін Азия Даму Банкінің қарызын тарту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 54 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Заңнамада белгіленген тәртіппен "Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріздеу" салалық жобасын қаржыландыру үшін 34600000 (отыз төрт миллион алты жүз мың) АҚШ долларынан аспайтын сомаға Қарыз туралы келісімді жасасу нысанында Азия Даму Банкінің (бұдан әрі - Кредит беруші) қарызын тарту жолымен үкіметтік қарыз алу жүзеге асырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Ерболат Асқарбекұлы Досаевқа Қазақстан Республикасының атынан "Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз салу" жобасы бойынша Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Жобаны республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру қосылған құн салығын төлеуді қоса алғанда, 14435000 (он төрт миллион төрт жүз отыз бес мың) АҚШ долларынан аспайды деп белгіленсін.

4. Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әр облыстық бюджетінен жобаны бірлесіп қаржыландыру 1350000 (бір миллион үш жүз елу мың) АҚШ долларынан аспайтыны назарға алынсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қаражат есебінен тартылатын қарызға қызмет көрсетуді және оны өтеуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті тартылатын қарыз қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*